

КІРІСПЕ

Осы De'Longhi өнімін таңдағаныңызға рахмет. Қауіп-қатерлердің және құрылғының зақымдануының алдын алу үшін осы нұсқауларды оқуға бір сәт уақытыңызды бөліңіз.

Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар

Маңызды ескертулер төмендегі осы таңбалармен анықталады.

Осы ескертулерді құрметтеу өте маңызды болып табылады. Осы ескертулерді ескермеу электр тогына түсуге, ауыр жарақатқа, күйіктерге, өртке немесе құрылғының жарақаттануына әкеп соқтырады.



Қауіпті!

Мұндай ескертуді елемеу электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.



Маңызды!

Мұндай ескертуді елемеу жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.



Күйіп қалу қаупі бар!

Мұндай ескертуді елемеу күйіп қалуға әкеп соқтырады.



Ескеріңіз:

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды ұсыныстар мен ақпаратты білдіреді.

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР

Қауіпсіздікке қатысты ескертулер



Қауіпті!

- Бұл құрылғы тек қытырлақ нан өнімдері үшін пайдалануға арналған. Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі. Өнім жасаушысы тиісті емес, дұрыс емес немесе жауапсыздықпен пайдаланудан және/немесе

білікті емес маман орындаған жөндеу жұмыстарынан туындайтын зақымдар үшін жауапты болмайды.

- Ашаны розеткаға қоспас бұрын, мынаны тексеріңіз: розетканың кернеуі құрылғыға жапсырылған ақпарат жапсырмасында көрсетілген мәнге тең; розетка жерге тұйықталған. Егер осы талап орындалмаса, өнім жасаушысы ешқандай жауапкершілікті мойнына алмайды.
- Розетка мен құрылғы ашасының арасында қандайда бір сәйкессіздік болса, оны білікті маманға ауыстыртыңыз. Адаптерлерді, көп ұяшықты розетка құралдарын және/немесе ұзартқыш кабельдерді пайдалану ұсынылмайды. Осындай құралды пайдалану қажет болса, тек осы қауіпсіздік стандарттарына сай жалғыз немесе көп ұяшықты адаптерлерді немесе ұзартқыш кабельдерді пайдалану және адаптердің не ұзартқыш кабельдің кернеуінің шегінен асырмау ұсынылады.
- Егер қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлерді жою үшін оны өнім жасаушысы, оның қызмет көрсету қызметкері немесе сол сияқты білікті мамандар ауыстыруы керек.
- Электр тогына түсіп қалуға жол бермес үшін, тостерді, оның сымын немесе ашасын ешқашан ылғалдамаңыз және тостерге қолыңызды немесе пышақ немесе фольга сияқты кез келген металды салмаңыз.
- Құрылғыны ылғал немесе дымқыл қолдарыңызбен ұстамаңыз.
- Құрылғыны жалаң немесе ылғал аяқ-қолыңызбен пайдаланбаңыз.
- Тостер пайдаланылмаған кезде оны тазалау немесе тұрып қалған нанды алып тастау алдында әрқашан розеткадан ажыратып отырыңыз.



Маңызды!

- Бұл құрылғы тек үйде пайдалануға арналған және жасақталған. Ол мына жерлерде пайдалануға жарамайды: дүкендердегі, кеңселердегі және басқа да жұмыс орындарындағы, **ф е р м а л а р д а ғ ы**,

қ о н а қ ү й л е р д е г і ,
мотельдердегі, мерекелік
ғимараттардағы немесе
қонақ күту үйлеріндегі
қызметкерлер ас бөлмесі.

- Осы құрылғы оралған полиэтилен қалта балалардың қолдары жетпейтін жерде сақталуы керек, себебі ол тұншығу қаупін тудыруы мүмкін.
- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалардың құрылғымен ойнамауы керек. Балалар сегіз жастан аспаған болса және үнемі бақылауда болмаса, тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балалар 8 жастан аспаса және бақылауда болмаса орындамаулары керек. Құрылғыны және оның сымын 8 жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Құрылғыны розеткадан қуат кабелінен тартып ажыратпаңыз.
- Құрылғыны зиянды ортада қалдырмаңыз (жаңбыр, күн сәулесі, аяз, т.б.).
- Құрылғыны, ашаны немесе электр кабелін суға батырмаңыз.
- Бұл құрылғыны сыртқы таймермен немесе бөлек қашықтан басқару жүйесімен

пайдаланылмауы керек.

- Электр кабелін жөндеу немесе ауыстыру үшін, өнім жасаушысының өкілі болып табылатын техникалық қызмет көрсету орталығына жүгініңіз. Толық мәліметтерді берілген кепілдік үнпарақтарынан қараңыз.
- Кез келген құрылғымен болатындай, бұл нұсқаулардың мақсаты неғұрлым көбірек кездейсоқтықтарды қамту болса, құрылғыны пайдалану барысында (әсіресе балаларға жақын жерде) сақ және парасатты болу керек.



Күйіп қалу қаупі бар!

- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде, сыртқы бет температурасы өте жоғары болуы мүмкін. Қажет болса әрқашан тұтқаны немесе ас пісіру қолғабын пайдаланыңыз.
- Нан – өртенуі мүмкін тағам. Бұл құрылғыны перденің немесе басқа да тұтынғыш материалдың астында немесе қасында пайдаланбаңыз.
- Құрылғы пайдаланылып жатқан кезде, оны бүркеменің, әйтпесе ол шамадан тыс қызып, өртенуі мүмкін.
- Біз тостеріңізді қабырға шкафының дәл астында пайдаланбауды ұсынамыз.
- Күйген тағам өртенуі мүмкін, сондықтан тостеріңізді ешқашан қараусыз қалдырмаңыз және оңай күйі мүмкін жұқа нан үшін қоңырлықты басқару элементін жұқа немесе құрғақ нан режиміне орнатыңыз.
- Ешқашан жағындысы не салмасы бар тағамды жылытпаңыз (мысалы, пицца): егер ол тостер ішіне тамса, өртенуі мүмкін.
- Қиқым науасын тұрақты түрде тазалаңыз: қиқымдар түтіндеуі немесе күйі мүмкін.

Ескеріңіз:

- Құрылғыны орамынан алған соң, құрылғының толық және өте жақсы күйде екеніне көз жеткізіңіз. Тостерден барлық жапсырмалардың және орамдардың алынғанын тексеріңіз.
- Құрылғыны тасымалдау барысында оған жиналуы мүмкін шаңды тазалау үшін оны жұмсақ және құрғақ шүберекпен ғана сүртіңіз.

CE Бұл құрылғы мына ЕС директиваларына сәйкес:

- Құрылғы электромагниттік үйлесімділікке қатысты 2004/108/ЕС стандартына сай.
- 1935/2004 ЕО тағам тиетін материалдар мен керек-жарақтар ережесіне сәйкес.

СИПАТТАМА

- A** Қытырлақ нан жасау ұяшықтары
- B** ON (ҚОСУ) тетігі
- C** Қоңырлықты бақылау терезесі
- D** Қоңырлықты бақылау бұрамасы
- E** Қиқым жинау наусы
- F** Defrost (Еріту) түймесі
- G** Қайта қыздыру түймесі
- H** «Тоқаш нан» түймесі
- I** Тоқтату/болдырмау түймесі
- L** Бөлішке жылытқыш (кейбір үлгілерде ғана бар)

ПАЙДАЛАНУ

Бірінші рет пайдалану алдында

- Сымның артық бөлігін тостердің астындағы сым сақтау қысқыштарына қыстырыңыз.
- Барлық қыздыру элементтеріндегідей, тостерде де бірінші рет іске қосылған кезде аздап күйіктің немесе «жаңа» иістің шығуы мүмкін. Бұл – қалыпты нәрсе және ол уайымдауға тұратын нәрсе емес.
- Алғаш рет пайдаланған кездегі «жаңа» иісті жою үшін, тостердің ішіне ешқандай нан салмай, оны бос күйінде орташа параметрмен іске қосыңыз. Осы операция барысында бөлменің жақсы желденетініне көз жеткізіңіз.

Тостерді пайдалану үшін


- ON (ҚОСУ) тетіктері (**B**) өшірулі күйде тұрғанына көз жеткізіңіз.

Күйдіру деңгейін реттеу бұрамасын (**D**) қалаған деңгейге (1-6 аралығында) бұрау үшін басыңыз.

- Құрылғыны розеткаға қосыңыз.
- Нан тіліктерін нан күйдіру ұяларына (**A**) салыңыз және тетікті (**B**) барынша төмендетіңіз.

i **Ескеріңіз:** егер құрылғы розеткаға қосылмаған болса, (**B**) тетігі төменгі деңгейге түспейді.

- Күйдіру аяқталған соң, тетік өшірулі күйге оралады, сол уақытта қытырлақ болған нан тіліктері көтеріледі.
- Егер нан жеткілікті деңгейде қытырлақ болмай қалса, қоңырлықты реттеу бұрамасын (**D**) бұрау арқылы қаралау қытырлақ нан деңгейін таңдаңыз.
- Күйдіруді (**I**) Stop/Cancel (Тоқтату/болдырмау) түймесін басу арқылы кез келген уақытта тоқтата салуға болады. Нанды күйдіруден бас тарту үшін бұл тетікті (**B**) ешқашан көтермеңіз.

 **Күйіп қалу қаупі бар!** пісіру барысында құрылғыны пайдалану барысында қытырлақ нан жасау ұяшықтары қатты қызады. Оны ұстамаңыз.

Жібіту функциясы

Нанның қатырылған тіліктерін Defrost (Жібіту) түймесін (**F**) тетікті (**B**) төмендеткеннен кейін дереу басу арқылы қытырлақ етіп күйдіруге болады; қалаған қоңырлық деңгейіне қол жеткізу үшін күйдіру циклін ұзартуға болады. Жібіту функциясы пайдаланылып жатқан кезде жібіту индикаторының шамы жанып тұрады.

Қайта қыздыру функциясы

Шыққан, бірақ салқын күйде қалған нан тілігін жылыту үшін, тетікті (**B**) қайта түсіріп, Reheat (Қайта қыздыру) түймесін (**G**) басыңыз. Бұның қоңырлықты реттеу бұрамасымен реттелмейтін бекітілген қайта қыздыру уақыты екенін ескеріңіз. Қайта қыздыру функциясын Stop/Cancel (Тоқтату/болдырмау) (**I**) түймесін басу арқылы кез келген уақытта тоқтата салуға болады. Қайта қыздыру функциясы пайдаланылып жатқан кезде қайта қыздыру

индикаторының шамы жанып тұрады.

Тоқаш нан функциясы


«Тоқаш нан» функциясы нанның, тәтті тоқаштардың, тәтті нандардың және т.б. бір жағын (ішкі жағын) ғана қытырлақ етіп, басқа жағын (сыртқы жағын) жылы күйде қалдыруға мүмкіндік береді. Тәтті тоқаштар мен тәтті нандарды тіліктеп күйдіру алдында оларды тіліктеу керек. Тетікті (В) төмен басып, «Тәтті тоқаш» түймесін (Н) басыңыз. Тәтті тоқаш функциясы пайдаланылып жатқан кезде тәтті тоқаш индикаторының шамы жанып тұрады.

Бөлішке жылытқыш (L) (кейбір үлгілерде ғана бар)

Бөлішке жылытқышты мынадай тағамдарды жылыту үшін пайдалануға болады: Круассан немесе бұрын күйдірілген нан.

Мына әрекетті орындаңыз:

- Бөлішке жылытқышты қытырлақ нан жасау ұяларының үстіне суретте көрсетілгендей етіп қойыңыз.



- Тағамды бөлішке жылытқышта жылыту үшін оған қойыңыз.
- Күйдіру деңгейін реттеу бұрамасын (D) қалаған деңгейге (1-6) бұраңыз.
- ON (ҚОСУ) тетігін (B) түсіріңіз.
- Егер тағам жеткілікті деңгейде жылымаса, келесіде күйдірудің жоғарырақ деңгейін пайдаланыңыз.

Пайдалануға қатысты ұсыныстар

- Тек бір тілікті немесе құрғақ нанды күйдіру мақсатында ашығырақ қоңырлықты таңдау үшін төменірек деңгейді таңдаңыз.
- Бір ғана нан тілігін күйдірген кезде нанның бір жағының түсі екінші жағынан басқаша болғанын байқасаңыз, бұл – қалыпты жағдай.
- Құрғақ/ескі нан жаңа нанға қарағанда

тезірек күйеді, ал жұқалап тіліктелген нан қалың тіліктелген наннан тезірек күйеді. Сондықтан, қоңырлықты реттеу элементін әдеттегіден де төменірек деңгейге орнатқан жөн.

- Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін нан тіліктерінің қалыңдығы, жаңалығы және көлемі бірдей болуы керек.
- Біркелкі күйдіру үшін әрбір күйдіру циклдерінің араларында кемінде 30 секунд күтуді ұсынамыз, сол кезде қыздыруды басқару элементі қалпына келіп үлгереді. Болмаса, қосымша күйдіру әрекеті орындалған кезде төменірек деңгейді таңдаңыз.

Алдын алу шаралары

- Бірінші рет пайдаланған кездегіні қоспағанда, құрылғыны ешқашан бос күйінде (оның ішіне ешбір нан салынбаған кезде) пайдаланбаңыз.
- Өте жұқа немесе сынған нан тіліктерін пайдаланбаңыз.
- Пісіру барысында тамшылауы мүмкін басқа тағамдарды салмаңыз. Бұл тазалау процедурасын күрделі етумен шектелмей, өрт шығуына себеп болуы да мүмкін.
- Қиқым науасын тұрақты түрде тазалаңыз: қиқымдар түтіндеуі немесе күюі мүмкін.
- Ұялар үшін тым үлкен тағамдарды салмаңыз (күштеп).
- Нанды алу үшін тостерге шанышқыларды және басқа құралдарды ешқашан тықпаңыз. Бұл тостерді зақымдаумен қоса электр тогына түсу қаупін тудыруы мүмкін.
- Егер тостерде нан тұрып қалса, ашаны розеткадан суырып, тостерді қолмен ұстаған кезде қауіпсіз болғанға дейін салқындатыңыз да, тостерді төңкеріп тұрып жайлап сілкіңіз.

КҮТІМ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

Тазалау алдында тостерді розеткадан ажыратып, салқындатып алыңыз.

- Құрылғының сыртқы бөлігін жұмсақ шүберекпен сүрту керек. Құрылғының бетін зақымдауы мүмкін қырғыш химикаттарды пайдаланбаңыз.

ТАЗАЛАУ ҮШІН ТЕК СУДЫ

ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ.

- СУҒА БАТЫРМАҢЫЗ.
- Әрбір пайдаланғаннан кейін ашаны розеткадан суырып, құрылғының астындағы қиқым жинау науасын шығарыңыз.



Қауіпті! ТОСТЕРДІҢ ЕШБІР БӨЛІГІН, ӘСІРЕСЕ НАН КҮЙДІРУ ҰЯЛАРЫНЫҢ ІШКІ БӨЛІГІН ӨТКІР НЕМЕСЕ МЕТАЛЛ ҚҰРАЛДАРМЕН ТҮРТПЕҢІЗ. ЭЛЕКТР ТОГЫНА ТҮСУ ҚАУПІ БАР.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз
Үлгі: "
Кернеу: "
Жілілік: "
Қуаты: "

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауапкершілікті және импортер:

“Делонги” ЖШҚ
127055 Ресей, Мәскеу қ,
Сущёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

EAC